



Академияда ҚР Тұңғыш Президент күні аталып өтті

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында 1-желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты жиын өтті.



Салтанатты басқосуды Академияның бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов өзінің құттықтау сөзімен ашып, барлық әріптестерін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтады. Мирлан Ахмедияұлы құттықтау сөзінде Елбасымыздың кемеңгер саясаткер екенін және бүгінгі күні барлық еңбек жігерін қазақ елінің туын биік ері берік ұстауына арнап келе жатқанын сөз етті.

Академия бастығының құттықтау сөзінен кейін Академияға және Ішкі істер органдарына еңбегі сіңген бірқатар қызметкерлерді марапаттап, Ішкі істер министрінің атынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар және мерзімі келген кейбір офицерлерге арнайы атақтарын табыс етті. Мәселен, Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Сергей Николаевич Бачуринге Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Қ.Н. Қасымовтың атынан Құрмет грамотасы табыс етілді.

Салтанатты жиын соңы Академияға қонаққа келген өнерпаздардың концерттік бағдарламаларына ұласты. Міне осылай академия қызметкерлері Еліміздің Тұңғыш Президенті күнін әдемі көңіл күймен қарсы алып, бір- бірлеріне тілектерін жаудырды.

М. ОСПАНОВ,
Академияның баспасөз хатшысы

Төрт жақты Меморандум жасасылды

Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері жолаушылардың бойында ұсақ құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру жөнінен айтарлықтай жұмыс жүргізіп келеді.

Жақында Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері теміржол вокзалдары мен жолаушылар поездарында бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу, халық арасында ұсақ құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, сондай-ақ, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санатын жоғарылату мақсатында азаматтарға профилактикалық сипатындағы брошюралар әзірледі.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ, Қостанай көлік прокуратурасының қызметкерлері «Түркісіб Астана» ЖШС, «Sky Trans-Group» кір жуатын орнымен «Қостанай-Алматы» бағытындағы №43/44, «Қостанай-Қарағанды» бағытындағы №327/328, «Қостанай-Арқалық» бағытындағы № 621/622 жолаушылар поездарындағы төсек-орын жиынтықтарына жоғарыда көрсетілген брошюраларды салу туралы төрт жақты меморандум жасалды.

Қостанай ст. ІІЖБ
Әкімшілік полиция бөлімшесі

Патриоттық тәрбиеге арналған кездесу

2017 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) арнайы алғашқы оқыту курсының «қатардағы және кіші басшы құрам» тағылымдамашыларымен (жол-патрульдік қызмет жүйесі бойынша) патриоттық тәрбие жайында кездесу өткізілді.

Шараның өткізілу мақсаты: жеке құрамның жоғарғы патриоттық сезімін, азаматтығын ұштау, заңдылықты және этикалық нормаларды ұстануға, бұйрықтар мен жарғыларды нақты орындауға, Антқа адал болуға тәрбиелеу. Арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылардың тәрбиесіне және патриоттық тәрбиелеуге ықпал жасау. Жол-патрульдік қызметі қызметкерлері «қатардағы және кіші басшы құрам» санаты бойынша біліктілігін арттыру курсына тағылымдамашылар іс-шараға қатыстырылды. Қатысушылардың назарына біздің еліміздің азаматтарының патриоттығы туралы бейнефильм ұсынылды.

Бізбен патриоттық тәрбиелеу бойынша ардагерлер ұйымы тығыз байланыс жасады. Кездесуге Қазақстан Республикасы ІІО-нің ардақты зейнеткері, ішкі қызмет майоры Д. Надарбаев, «Шарк» тәжік-өзбек этномәдени орталығының төрағасы Қазақстан халқы



Ассамблеясының мүшесі Э.Холметов және Қазақстан Республикасы ІІО-ның зейнеткері полиция старшинасы Е.Қоянбаев шақырылды.

Алғашқы сөз Қазақстан Республикасы ІІО-нің ардагері, ішкі қызмет майоры Д.Надарбаевқа берілді, ол өзінің қызмет атқару кезіндегі қиындықтар туралы айтып өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Э. Холметов ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалыптасуы үшін - Қазақстан азаматы мен патриоты – оның санасы мен сезіміне жүйелі түрде әсерінің қажет екендігін атап көрсетті. Тек қана

құқықты-эстетикалық, ұлтсүйгіштік және рухани тәрбие, ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсібинің қоғамдық және тарихи маңыздылық сезіміне мүмкіндік туғызады, бұл батырлық қызметке лайықты ұғыну, ұлтсүйгіштік мақтанш сезімін тудырады.

Тағылымдамашылармен кездесуге Қазақстан Республикасы ІІО зейнеткері, запастағы полиция старшинасы Е.Қоянбаев

өзінің қызмет уақытындағы марапатталған мадақтамаларын, мүсіндерін алып келді. Өзінің Қостанай қ. ІІБ жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция батальонының полиция қызметінде жасаған ерлігі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы желтоқсандағы Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Өзінің ерліктері туралы айтып, арнайы алғашқы оқыту тағылымдамашыларының жеке қауіпсіздік пен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты еске сақтауға шақырды.

Оқу орталығында патриоттыққа тәрбиелеу бағытындағы мұндай іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады.

Б. ЖАНТАСОВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы
(Қостанай қ.)
Арнайы пәндер циклының
бастығы
полиция подполковнигі

Қазақстан балаларының 80 пайызы өз құқықтарын білмейді

«Sange» зерттеу орталығы қоғамдық қоры Қазақстандағы балалар құқығын қорғау жағдайына жүргізген тәуелсіз сараптама нәтижелерін жариялады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Республика бойынша 2577 бала мен 1284 ата-ана арасында жүргізілген сауалнамада балалардың 19%-ы ғана өз құқықтарын жетік білемін деп жауап берген.

«Өңірлерге шаққанда, сауалнамада солтүстік өңірлер (Қостанай, Павлодар, СҚО) мен Алматы қаласының балалары жоғары нәтиже көрсеткен. Ал Астана қаласы мен Жамбыл, Маңғыстау, Алматы облыстарының көрсеткіші төмен», - деп түсіндірді «Sange» зерттеу орталығы» ҚҚ сарапшысы Айнагүл Шәріпбаева Астанада өткен деңгелек үстелде.

Бір айта кетерлігі, өз құқықтарын жетік білмейтін өңір балаларының басым бөлігі бала құқықтары сақтала ма деген сұраққа «иә» деп жауап берген. Мәселен, Жамбыл облысында өз құқығын жақсы білетін балалардың үлесі 7 пайызды ғана құрайды, бірақ жамбылдық балалардың 83 пайызы «Өңірде балалардың барлық құқығы сақталады» деп баға берген.

Денсаулық пен қауіпсіздік мәселесіне келгенде балалар өздерінің «Өмір сүру және салауатты даму» (76%), «Жақсы тамақтану мен таза ауыл су» (61%) және «Тегін, сапалы медициналық көмек» (56%) салаларындағы құқықтарын жақсы білетіндерін көрсетті. Бірақ, тұтас республика балалары «Зорлық-зомбылық пен қатігездіктен қорғау» (39%) және «Жыныстық қанаудың барлық түрінен қорғау» (25%) құқықтарын жетік білмейді. Сарапшылар бұл мәселеге барлық өңірлер мән беруі қажет деп есептейді.

Білім беру бөліміндегі көрсеткіштер салыстырмалы түрде жақсырақ. Мұнда Қазақстан балаларының 65 пайызы «Тегін бастауыш және орта білім беру» құқығын біледі. Бірақ, бұл бөлімде де Астана қаласы (33%) мен Маңғыстау облысы (27%) өте төмен көрсеткіштерге ие болады.

Балалардың 47 пайызы, әсіресе, ауыл балалары «Демалыс пен бос уақыт» және «Қосымша білім алу» құқықтарының бар екенін білмейді.

«Мұны ауылдық жерлерде қосымша білім берудің жолға қойылмауымен түсіндіруге болады», - дейді сарапшы.

Әлеуметтік қорғау мен еңбек бөлімінде барлық өңірлер төмен нәтиже көрсетті. Тіпті, «Ата-ананың

немесе қамқоршының күтім көрсетуі және қорғау тиістігін» балалардың 31 пайызы ғана біледі екен. «Ерекше күтімді қажет ететін балаларға мемлекет тарапынан көмек көрсетілетінін» де барлық бала біле бермейді (20%). 14 жастан бастап «Еңбек ету» мен «Зиянды жұмыстарды атқармау» құқығы жөнінде балалардың 23%-ы ғана хабардар.

Азаматтық құқықтар бөлімінде де жағдай мез емес. Балалардың 14 %-ы ғана «Бейбіт жиналыстар өткізіп, балалар мен жастар қауымдастықтарын құруға» құқығы екендерін біледі.

«Дәл осы құқықтарды білмей өскен бала есейгенде де ашық қоғамдық жиналыстарға қатысу, қауымдастықтар құру құқығын пайдалана алмайды», - дейді Айнагүл Шәріпбаева.

Сондай-ақ, балалардың көпшілігі «Жеке құпия хат жазысу», «Түсінікті тілде ақпарат алу», «Жеке бас бостандығына құрмет», «Өзіндік пікір білдіру» құқықтары барын білмейді.

«Тендік» құқығына балалардың 35%-ы ғана оң жауап берді. Яғни, балалардың 65 пайызы қоғамда әлеуметтік теңсіздік бар деп есептейді, заң жүзінде барлық балалардың әлеуметтік, нәсілдік және ұлттық ерекшелігіне қарамастан тең екенін білмейді», - деп атап өтті

қоғамдық қор өкілі. Құқықтармен қатар, балалардың өзіндік міндеттерінің де бар екені белгілі. Бір қызығы, сауалнамаға қатысқан балалардың 90%-ы өз міндеттерін жақсы білетін болып шықты.

«Демек, балаларға өз құқықтарынан гөрі, міндеттері туралы көбірек ақпарат беріледі», - дейді сарапшы.

Сараптама нәтижесіне сәйкес, балалардың көпшілігі «Жақсы оқу» (84%) және «Ата-анаға көмектесу» (67%) міндеттерінен хабардар.

Бірақ, «Денсаулықты қүту, спортпен шұғылданду, шылым шекпеу, ішімдік ішпеу» (25%), «Өзгелердің пікірін, дінін, дәстүрін құрметтеу» (28%), «Әлсіз адамды қорғау, мұқтаж жандарға қол ұшын созу» міндеттері бойынша өте төмен нәтиже көрсетілген.

«Бұл міндеттерді ата-ананың өзі дұрыс атқармайды деген сөз. Балаға үлгі көрсетпеген. Балалар біздің айнамыз секілді, біз не істесек, олар да соны қайталайды. «Қауіпсіздік сақтау» (15%) және «Ақпаратқа жауапкершілікпен қарау» (14%) міндеттерін де балалар біле бермейді. Мұны білмеген балалар оп-оңай қылмыс пен үгіт-насихат құрбанына айналады», - деп өз сөзін түйіндеді А. Шәріпжанова.

Апталық аясындағы іс-шаралар

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) жақында тәжірибелі қызметкерлерді тарта отырып «қатардағы және кіші басшы құрам» санаты бойынша арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашылары үшін арнайы пәндер циклының апталығы өткізілген болатын.



«Біз әмбебаппыз» тақырыбы бойынша фото-көрме ұйымдастырылды, тағылымдамашылардың Қостанай қаласы ІІБ жедел басқару орталығына, арнайы қабылдау, қабылдау-тарату орындарына, стационарлық бекетке шығу сабақтарынан, сол сияқты тағылымдамашылардың рухани өркендеуіне қатысты, яғни театр, мұражайларға барған сәттегі фотосуреттері ілінді.

Жол жүру қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша жол қозғалысы ережесі және тәжірибелік білімін, Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуін, тағылымдамашылардың теориялық білімдерін бекіту үшін «Не? Қайда? Қашан?» атты танымдық ойыны өткізілді. Жол-патрульдік қызметі полицейі Қазақстан Республикасының заңнамасын анық білуге, жол қозғалысына қатысушылардан жол қозғалысы ережелерін және олардың міндетті түрде орындалуын талап етуге міндетті. Бәрі де телевизиялық ойындағыдай «Зырылдауық», «Өуенді кілт» шынайы түрде өткізілді. Ойын үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде команда капитандары өз командаларын таныстырды. Командалар: 1-взвод «Жігіттер», 2-взвод «Виктория», 3-взвод «Әділетті полицей». Ал екінші кезеңде «Жігіттер» командасы өзге командалардан ерекшеленіп телекөрсермендер қойған сұрақтарға жылдам жауап берді. Үшінші кезең – тест тапсырмаларын шешу. Қазылар алқасы ортақ бағаларды есептеп, қорыта келгенде танымдық ойын үздіктері болып 1-взвод «Жігіттер» командасы танылды. Команда капитаны - Бимолдинов Мақсат.

«Қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық» тақырыбына өткізілген пікір-таласқа қатысқандар: Қостанай қ. ІІБ жергілікті полиция қызметінің Оңтүстік полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Қ.Жансүгіров, Қостанай облысы ІІД жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция баталонының полицейі



полиция аға сержанты Р.Сауытбеков және Қостанай облысы ІІД Қарабалық аудандық ІІБ жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция баталонының полицейі полиция аға сержанты Қ.Жолтаев. Іс-шараның өткізілу мақсаты: құқық бұзушылық әрекеттерге «Мүлдем төзбеушілікті» жеткізуді ақпараттық түсіндіру жұмыстары және мүлдем төзбеушілік қағидаларын қалыптастыруды қызметке енгізу. Қатысушыларды олардың құқық бұзушылықтарды байқаған сәтте сабырлы болуын, жылдам әрекет етіп, ескерту жасауларын, полиция қызметкерлерін хабардар етуге шақырды. Тек қана жалпы күш салумен қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз етуге болады. Қоғамдағы ұсақ құқық бұзушылыққа «Мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыруға белсенді қатысу қажет.

«Отбасылық дау-жанжал кезіндегі жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің іс-әрекеті» тақырыбындағы рөлдік ойынға қойылған көрініске Қостанай қ. ІІБ жергілікті полиция қызметінің Оңтүстік полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты А.Жақсылықов, Қостанай облысы ІІД жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция баталонының полицейлері полиция аға

сержанттары А.Нұрқанов және К.Есболов қатысты.

Рөлдік ойынның негізгі ережесі – қатысушылардың жеделдетіп тиянақты апат оқиғаны елестетушілік ой-санасын, сол сияқты абстрактілік құрастырушылық ой-санасымен жасауы болып саналады.

Тағылымдамашыларға «Отбасылық қатынастағы» өз білімдерімен заңнаманы дұрыс қолдану тапсырмасы қойылды. Рөлдік ойынды өткізудің маңызды мақсаты – тағылымдамашылардың ойлау қабілетін қалыптастыру, салыстыру және жеке мінездерін дамыту болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасын бұзбай, қызметкердің тәсілдік іс-әрекетін, сапалы шешім қабылдау қабілетін дамыту. Әділ қазылар алқасы ойынды бағалап және тағылымдамашылардың рөлдік ойында жіберген кейбір қателіктеріне ескертулер жасады.

«Мен Қазақстанды сүйемін» атты патриоттық әндер фестиваліне жоспар дайындалды. Фестивальдің мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу, мемлекеттің тарихына құрметпен қарауды, патриоттық және азаматтық сананы қалыптастыру болып саналады.

«Отан – бұл ең негізгі, ең қымбат және баршаға жағымды сөз. Өрбір адамның өз Отаны бар. Бұл сөздің астарында біздің оқу орталығымыз, өз отбасымыз, өзіміздің көркем ауылымыз, барлығы біздің үлкен Қазақстан Республикамыз» деген сөздермен 2-ші оқу взводы тағылымдамашысы Мөлдір Құрманова фестивальді ашты. Жарқын да әспетті «Елім менің» әнімен 2-взвод тағылымдамашысы Ұлан Әліпбеков, 1-взвод тағылымдамашысы «Егемен Қазақстан» әнімен Әлишер Жәркен, жалынды «Туған Елім» өлеңімен 1-взвод тағылымдамашысы Хұсайынов Әділхан, ал

3-взвод тағылымдамашылары «Атамекен» әнін хормен шырқады.

Жоғарыда аталған іс-шаралар арнайы пәндер циклы апталығы барысында өткізіліп, арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашыларды тақырып бойынша және қосымша тақырыптарда алған білімдерін жетік білуі және бекітуіне бағатталды.

Б. ЖАНТАСОВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.)
Арнайы пәндер циклының бастығы
полиция подполковнигі

Баласының теріс қылығы үшін ата-анаға жаза жеңілдейді

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Заң жобасындағы түзетулердің бірінде көмелетке толмағандар жасаған іс-әрекеттер үшін ата-анасын және басқа да адамдарды жазалауға қатысты норманы Қылмыстық кодекстен алып тастап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстыру ескерілген. Сонымен қатар құжатта балалардың аталған іс-әрекеттері үшін айыппұлды 200 АЕК-тен 10 АЕК-ке дейін азайту қарастырылған.

Өз кезегінде Мәжіліс Төрағасы аталған ұсынысқа қолдау білдірді. «Бұл қадамдар толықтай әкімшілік әрі қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бойынша трендке сәйкес келеді», - деді Нұрлан Нығматулин.

Осы орайда ол балалар тарапынан теріс қылықтар болып жататынын, сондықтан бірден қылмыстық жауапкершілікке тартудың қажеті жоқ екенін жеткізді.

Сонымен қатар Н. Нығматулин айыппұлдар сомасы төмендеген жағдайда, балалардың тәрбиесі мен осындай теріс қылықтарға жол бергізбеу бойынша мәселеге ата-аналардың тиісті деңгейде мән бермеуі мүмкіндігіне алаңдаушылық білдірді.

Оның пайымынша, ата-аналар мен балалар үйлерінде педагогтар әрдайым жеткіншектердің тәрбиесінде жауапкершілікті сезінуі тиіс.

«Жұмыс тобы аталған мәселені екінші оқылымға дейін тағы да пысықтауы керек», - деді Нұрлан Нығматулин.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне арналды

2017 жылғы 24 қарашада Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де әдеуметтік-құқықтық дайындық жүйесі шеңберінде ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов қазіргі таңдағы өзекті мәселеге арналған әңгіме өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселесіне арналған басқосуда Ерлан Қайырұлы сыбайластықпен қылмыс жасаудың ақыры неге әкеліп соғатындығы туралы айта келіп, оны жасаған қызметкердің бұл теріс қылығының, тіпті лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы мен жалғандыққа баруының оның алдағы өміріне қаншалықты зардабы тиетіндігі жайында көз жеткізе әңгімелеп барды. ІІЖБ барлық жеке құрамына сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мәселелеріне, онда қылмыс жасаудың қызметкердің кейінгі өміріне зиянды әсер етуі, лауазымды асыра пайдалану және алдау немен аяқталуына ерекше көңіл бөлінді.

Ерлан Қайырұлы жеке құрмаға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қосымша жеткізе отырып, әрбір қызметкердің Мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексін сақтауы қажеттігін естеріне салды.

Сондай-ақ, Қостанай ст. ІІЖБ жеке құрамына қызметкерлердің бойында сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі деректі және әлеуметтік бейнероликтер көрсетілді.

Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Алматыда теракті жасауға үгіттеген қылмыстық топ ұсталды

Алматы қалалық Ішкі істер департаменті лаңкестікті насихаттап, адамдарды террорлықты жасауға үгіттеген қылмыстық топты ұстады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі ІІД-нің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«27 қараша күні Алматы қалалық ІІД сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай реестрінде тіркелген қылмыстық іс аясында бір топ адамды қолға түсірді. Оларға қатысты ҚР ҚК 256-бабының 1-бөлігі (лаңкестікті насихаттау, террорлық акті жасауға үгіттеу) бойынша қылмыстық іс қозғалған», - делінген хабарламада.

Нақтырақ айтқанда, А.Жұмағұлованы, Т. Омырова мен К.Әбішеваны тұтқыңға алу бұлтартпау шарасы қабылданды.

Тергеу нұсқасында аталған адамдардың тіркелмеген қоғамдық ұйым атынан Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті бұзуға әрекет етпек болғаны көрсетілген. Атап айтқанда, аталған топ халықтың үрейін алып, құқық қорғау органдары қызметіне зиян келтірмек болған. Қылмыстық пиғылдарын жүзеге асыру үшін олар үгіт-насихат материалдарын әзірлеген. Сонымен қатар, қарулы жиһадқа шақыратын бейне үндеу жазған.

Анонимді бейнеүндеуде олар беттерін бүркемелей отырып, Қазақстанда тыйым салынған «Хизб-ут-Тахрир» діни-экстремистік ұйымының символдары мен қару-жарақты пайдаланып, халықты жаппай заңға қайшы әрекет жасауға, идеяларына қолдау танытуға шақырған. Қалалық ІІД-нің

баспасөз қызметі бейнеүндеудегі қару-жарақтардың кімге тиесілі екені анықталып жатқанын айтты.

«Аталған ролик, электронды тасымалдағыштар және діни әдебиеттер ұсталғандардың тұрғылықты жерін тергеу кезінде тәркіленіп, тергеу материалдарына қосылды. Материалдар бойынша қажетті сараптама тағайындалды», - деді ІІД-ден.

Сонымен қатар, күдіктілер өз қатарын толықтыру мақсатында жақтастарын іздеп, оларды «қақпанға» түсіру әрекеттерін қол алған. Сондай-ақ олар заң қармағына ілініп қалмас үшін бірқатар жасырын жоспар жасаған. Нақтырақ айтқанда, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді қорқытып, үркіту үшін анонимді

телефон соғуды, оларды және отбасыларын жазалайтыны туралы айтылған бейнероликтерді жолдауды жоспарлаған. Тергеу амалдары барысында аталған топқа Қазақстанда сот әділдігінен қашып жүргендер тапсырма берген болуы мүмкін деген нұсқа да қарастырылуда.

«Қазіргі уақытта Жұмағұлова, Омырова, Әбішева Алматы қалалық ІІД тергеу абақтысында қамауда. Қылмыстық топтың өзге де қатысушыларына қатысты бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі шешілуде. Істің мән-жайын анықтау үшін тергеу амалдары жүргізіліп жатыр», - делінген таратылған хабарламада.

ІІД-нің баспасөз қызметі тергеу амалдарына байланысты іске қатысты толық ақпараттар әзірге жарияланбайтынын жеткізді.